

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 қарашада №14421 тіркелген.
Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық
жүйесінде 2016 жылғы 12 желтоқсанда ресми жарияланды.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2016 жылғы 26 қыркүйек

Алматы қаласы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 229

город Алматы

**Қазақстан Республикасының
кейбір нормативтік құқықтық актілеріне
бухгалтерлік есепті жүргізу
мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 229
қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейбір нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда № 12 Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Шоттар»;

1-параграфта:

1280 53 шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:

«1280 54 Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талаптар»;

3-параграфта:

3390 06 шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:

«3390 07 «Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер»;

3390 52 шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:

«3390 53 Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы»;

5-параграфта:

5310 шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:

«5320 Төленген қосымша капитал»;

5510, 5600 шоттар алып тасталсын;

5610-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«5610 Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)»;

3-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Шоттардың сипаттамасы»;

1-параграфта:

1280 53 шотты сипаттағаннан кейін шоттың нөмірімен, атымен және мынадай мазмұндағы сипатымен толықтырылсын:

«1280 54 «Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талап» (актив).

Мақсаты: тікелей сақтандырушының жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша төлемді өтеу бойынша талаптарының сомасын есепке алу.

Шот дебеті бойынша тікелей сақтандырушының жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талаптарының сомасын есептеу жүргізіледі.

Шот кредиті бойынша жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талаптардың сомасын оны өтеуге немесе ұйымның балансынан есептен шығаруға қарай есептен шығару жүргізіледі.»;

3390 06 шотты сипаттағаннан кейін шоттың нөмірімен, атымен және мынадай мазмұндағы сипатымен толықтырылсын:

«3390 07 «Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер сомасын есепке алу.

Шот кредиті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша есептелген міндеттемелер сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша, оларды өтеуге қарай, міндеттемелер сомасын есептен шығару жүргізіледі.»;

3390 52 шотты сипаттағаннан кейін шоттың нөмірімен, атымен және мынадай мазмұндағы сипатымен толықтырылсын:

«3390 53 «Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы» (пассив).

Мақсаты: тікелей сақтандырушының пайда алушы алдындағы тікелей реттеу бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шот кредиті бойынша пайда алушыға тікелей реттеу бойынша өтеу сомасын төлеу бойынша міндеттемелердің сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша пайда алушыға тікелей реттеу бойынша өтеу сомасын төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын оларды төлеу кезінде есептен шығару жүргізіледі.»;

5210-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«5210 Сатып алынған меншікті үлестік құралдар (контрпассив).»;

5310-шоттың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«5310 «Эмиссиялық кіріс» (пассив).

Мақсаты: акциялар бойынша эмиссиялық кірістің сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде кірістер сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде

шығыстар сомасы жүргізіледі.»;

5310 шотты сипаттағаннан кейін шоттың нөмірімен, атымен және мынадай мазмұндағы сипатымен толықтырылсын:

«5320 «Қосымша төленген капитал» (пассив).

Мақсаты: қосымша төленген капитал сомаларын есепке алу (эмиссиялық кірісті қоспағанда).

Шот кредиті бойынша пайда болатын қосымша төленген капитал сомасы жүргізіледі.

Шот дебеті бойынша қосымша төленген капитал сомасын есептен шығару жүргізіледі.»;

5420-шоттың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«5420 «Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтардың әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған олардың қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе негізгі құрал-жабдықтарды шығынға жазу кезінде негізгі құрал-жабдықтарды оң қайта бағалауды № 5520 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» баланстық шотына есептен шығару жазылады.»;

5430-шоттың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«5430 «Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: материалдық емес активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған оларды қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе материалдық емес активтерді шығынға жазу кезінде материалдық емес активтерді оң қайта бағалауды № 5520 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» баланстық шотына есептен шығару жазылады.»;

5510-шоттың нөмірі, аты және сипаты алып тасталсын:

5610-шоттың аты мен сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«5610 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)».

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алған бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген залалының) сомаларын есепке алу.

Шот кредиті бойынша кірістердің тиісті баланстық шоттарын жапқан кезде ұйымның есепті кезеңдегі кірістерінің сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша шығыстардың тиісті баланстық шоттарын жапқан кезде ұйымның есепті кезеңдегі шығыстар сомасы және есепті кезеңдегі

бөленбеген таза пайдасының (өтелмеген залалының) сомаларын оларды мақсаты бойынша бөлу кезінде есептен шығару, сондай-ақ № 5520 «Алдыңғы жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» баланстық шотымен корреспонденцияда жазылады.».

2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 тіркелген, 2011 жылғы 2 қарашада «Заң газеті» газетінде № 160 (1976) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Зейнетақы жарналарын алу және зейнетақы жинақтарын төлеу жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Зейнетақы активтерін бағалы қағаздарға орналастыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Зейнетақы активтерін салымдарға орналастыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Сатып алынған борыштық және үлестік бағалы қағаздарды санаттар бойынша қайта жіктеудің бухгалтерлік есебі»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Зейнетақы активтерін тазартылған қымбат металдарға орналастыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-тарау. Кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебі»;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-тарау. Туынды қаржы құралдарымен операциялардың бухгалтерлік есебі»;

10-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10-тарау. Инвестициялық кірісті және комиссиялық сыйақыларды қалыптастыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

85 және 86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Инвестициялық кірісті қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) бар кірістер сомасына:

Дт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер
	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер
	6110 04	Бағалы қағаздармен кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
	6110 05	Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер
	6110 29	Талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
	6110 30	Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
	6110 31	Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
	6110 34	Сыйақы алуға байланысты басқа да кірістер
	6110 64	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер
	6150 01	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
	6240 01	Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
	6240 02	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
	6280 01	Тазартылған бағалы металдарды сатып алудан-сатудан түскен кіріс
	6280 03	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
	6280 07	Басқа да кірістер
	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер
	6290 01	Фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 02	Бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 03	Шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 04	Тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін

		қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 05	Опцион мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 07	Своп мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
	6290 09	Фьючерс мәмілелері бойынша кірістер
	6290 10	Форвард мәмілелері бойынша кірістер
	6290 11	Опцион мәмілелері бойынша кірістер
Кт	5610	Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал);
	2) бар шығыстар сомасына:	
Дт	5610	Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)
Кт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар
	7310 10	Орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыстар
	7310 25	Сыйақы төлеуге байланысты басқа да шығыстар
	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
	7440 01	Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
	7440 02	Орналастырылған салымдар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
	7440 62	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығыстар
	7470 01	Тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар
	7470 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
	7470 04	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
	7470 27	Басқа да комиссиялық шығыстар
	7470 81	Қор биржасының қызмет көрсетуі үшін комиссиялық шығыстар
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсетуі үшін комиссиялық шығыстар
	7480 01	Фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
	7480 02	Бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс
	7480 03	Шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
	7480 04	Тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс

7480 05	Опцион мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс
7480 07	Своп мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс
7480 09	Фьючерс мәмілелері бойынша шығыстар
7480 10	Форвард мәмілелері бойынша шығыстар
7480 11	Опцион мәмілелері бойынша шығыстар.

86. Таза инвестициялық кірісті салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына есепке алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) 5610 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» шоты бойынша кредиттік қалдық болған кезде:

Дт 5610 Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)

Кт 3390 65 Жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтары;

2) 5610 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» шоты бойынша дебеттік қалдық болған кезде:

Дт 3390 65 Жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтары

Кт 5610 Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал).»;

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«11-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын шетелдік ұйымның сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы активтерінің бухгалтерлік есебі».

3. «Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 тіркелген, 2013 жылғы 5 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 133 (2334) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Жалпы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандыру ұйымы:

сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеу кезінде:

Дт 3390 52 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві

Кт 3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу;

1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;

және бірмезгілде осы сомаға:

Дт 7470 41 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары

Кт 7440 45 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары;

сақтанушыға (пайда алушыға) төлем сомасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде:

Дт 3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

және бірмезгілде, мәлімделген шығындар бойынша қайта сақтандыру шарты болған жағдайда, тиесілі өтеу сомасына:

Дт 1280 46 Қайта сақтандырушыларға талаптар

Кт 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,

1280 50 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,

1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері;

қайта сақтандыру ұйымынан тиесілі өтеуді нақты алған кезде:

Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты

Кт 1280 46 Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар;».

21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Жәбірленуші көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға өтініш жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) пайда алушымен есеп айырысу бойынша міндеттемелерді және жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талаптарды есептеу кезінде:

Дт 1280 54 Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талап

Кт 3390 53 Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы;

2) пайда алушыға тікелей реттеу бойынша өтем бойынша ақша сомаларын нақты төлеу кезінде өтеу сомасына:

Дт 3390 53 Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

3) жауапты сақтандырушыдан пайда алушыға төленген өтем сомасын өтеу есебінен ақша нақты түскен кезде:

Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

Кт 1280 54 Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талап.

22. Жауапты сақтандырушы тікелей сақтандырушыдан сақтандыру оқиғасы туралы хабарламаны алған кезде жауапты сақтандырушы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін құру кезінде Нұсқаулықтың 16-тармағының 3) тармақшасында көзделген тікелей сақтандырушыға өтелуі тиіс сақтандыру төлемінің сомасына бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады;

2) тікелей сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша өтеу сомасын есептеу және төлеу кезінде Нұсқаулықтың 18-тармағының 1) тармақшасында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

23. Тікелей сақтандырушының сақтандыру оқиғасын реттеуге байланысты шығыстарын өтеуді уақтылы жүзеге асырмаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тікелей сақтандырушымен:

тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын есептеу кезінде:

Дт 1280 09 Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)

Кт 6280 08 Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

жауапты сақтандырушыдан тұрақсыздық айыбын төлеу шотына ақша нақты келіп түсуі кезінде:

Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты

Кт 1280 09 Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

2) жауапты сақтандырушы:

тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде:

Дт 7310 05 Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)

Кт 3390 07 Тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша міндеттемелер;

тікелей сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын нақты төлеу кезінде:

Дт 3390 07 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.»;

24-тармақ алып тасталсын;

3-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3390 50 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві

Кт 6280 48 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервінің

төмендеуінен түскен кірістер.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3390 51 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві

Кт 6280 49 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервінің төмендеуінен түскен кірістер.»;

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Сақтанушының сақтандыру ұйымының пайдасына қатысуымен байланысты бөлінген пайданы төлеу бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт 5520 Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)

Кт 4430 Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер;

сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін нақты жүзеге асырған, жинақтаушы сақтандыру мерзімі аяқталған кезде не сақтанушының сақтандыру ұйымының пайдасына қатысуымен өмірді сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандыру шарты бойынша бөлінген пайда сомасына:

Дт 4430 Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.»;

4-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

57 және 58-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың, орын алмаған шығындардың, аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервтері бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 47 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 50 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер;

2) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 48 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 51 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві

бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер;

3) өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 52 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер;

4) аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 50 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 53 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер;

5) қайта сақтандыруға байланысты активтерді қалыптастыру кезінде мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша:

Дт 1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 54 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер.

58. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың, орын алмаған шығындардың, аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервтері бойынша қайта сақтандыру активтерін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 48 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерінің төмендетуінен болған шығыстар

Кт 1280 47 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері;

2) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерінің төмендетуінен болған

шығыстар

Кт 1280 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері;

3) өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 50 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерінің төмендетуінен болған шығыстар;»;

Кт 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

4) аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 52 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтері төмендеуінен болған шығыстар

Кт 1280 50 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері;

5) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтері төмендеуінен болған шығыстар

Кт 1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері.»;

65-тармақ алып тасталсын;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Сақтандыру брокерінің қызметіне байланысты операциялардың бухгалтерлік есебі»;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Міндетті жарналар мен шартты міндеттемелерді есепке алу».